

«БЕКІТЕМІН»
Нұр-Мұбарак ЕИМУ ректоры,
Доктор, профессор Мухаммад
әш-Шаххат әл-Жинди

« 29 » « 08 » 2024 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ
ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТЫ

Нұр-Мұбарак ЕИМУ -001- 07-2024

Қызмет бабында пайдалану үшін

Алматы 2024

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті Университеті		УЕ- Нұр-Мұбарак
СМЖБ	Университет ережесі	ЕИМУ -001-7-2024
Жемқорлыққа қарсы саясат		6 беттің 2 беті

1. ӨЗІРЛЕГЕН: Сапа менеджмент жүйесі бөлімі
2. ЕНГІЗІЛДІ: «29.08.2024ж» Нұр-Мұбарак ЕИМУ Ғылыми кеңесінің №1 хаттамасымен бекітілді және қолданысқа енгізілді.
3. ТЕКСЕРІЛУ МЕРЗІМІ: 2027ж.

Келісілді:

Проректор


Академиялық мәселелер департаментінің директоры

Заңгер


Сапа менеджмент жүйесі бөлімінің меңгерушісі



Қ.Құрманбаев



М.Махмет



Н.Абдығали



Ш.Әділбаева

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті Университеті		УЕ- Нұр-Мұбарак
СМЖБ	Университет ережесі	ЕИМУ -001-7-2024
Жемқорлыққа қарсы саясат		6 беттің 3 беті

1. ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТТЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

1.1. Осы Жемқорлыққа қарсы саясат жекеменшік оқу орны Нұр-Мұбарак Египет Ислам мәдениеті университетінің (әрі қарай – Университет) нормативтік құжаты болып табылады, оның мақсаты Университет қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу және тоқтату.

1.2. Жемқорлыққа қарсы саясат – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту, жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру, қоғамның Университет қызметіне деген сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар.

1.3. Университетте Жемқорлыққа қарсы саясатты енгізудің негізгі мақсаттары:

1.3.1. Университетті сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне тарту қаупін азайту;

1.3.2. Университет қызметкерлерінде лауазымына қарамастан сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты түсіну деңгейін қалыптастыру;

1.3.3. Университетте Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының негізгі талаптарын қолдану тәртібін түсіндіру.

1.4. Университетте Жемқорлыққа қарсы саясатты енгізу мақсатында орындалатын міндеттер:

1.4.1. Университеттің Жемқорлыққа қарсы қызметінің негізгі принциптерін бекіту;

1.4.2. Саясаттың қолдану саласын және оған қатысты тұлғаларды анықтау;

1.4.3. Жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру үшін жауапты лауазымды тұлғаларды анықтау;

1.4.4. Университетте жүзеге асырылатын Жемқорлыққа қарсы шаралардың, стандарттар мен процедуралардың тізімін және оларды орындау тәртібін белгілеу;

1.4.5. Университет қызметкерлерінің Жемқорлыққа қарсы саясат талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілігін бекіту.

2. УНИВЕРСИТЕТТІҢ ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ

Нұр-Мұбарак ЕИМУ-дегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар жүйесі келесі принциптерге негізделген:

- 1) Жемқорлыққа қарсы саясаттың Қазақстан Республикасының заңнамасы мен жалпы қабылданған нормаларға сәйкестігі;

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті Университеті		УЕ- Нұр-Мұбарак
СМЖБ	Университет ережесі	ЕИМУ -001-7-2024
Жемқорлыққа қарсы саясат		6 беттің 4 беті

- 2) **Университет басшылығының жеке үлгісі:** Университет басшылары барлық деңгейде сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұстанымдарды қалыптастыруда үлгі көрсетуі тиіс;
- 3) **Профессор-оқытушылық құрамы мен қызметкерлердің белсенді қатысуы:** ПОҚ және мекеме қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыру мен жүзеге асыруға белсене қатысуы;
- 4) **Нөлдік төзімділік принципі:** Университетте сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлері мен көріністеріне қарсылық болуы;
- 5) **Қауіптерді мерзімді бағалау:** Университетте сыбайлас жемқорлықтың ықтимал тәуекелдерін анықтау және бағалау;
- 6) **Ашықтық принципі:** Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты туралы қоғамды хабардар ету;
- 7) **Жауапкершілік және жазаның қайтарымсыздығы:** Университет қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін жазаның қайтарымсыздығы, басшылықтың Жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыруға жауапкершілігі.

3. ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА ЖАУАПТЫ ТҰЛҒА

3.1. Университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды ұйымдастыруға жауапты тұлға проректордың бұйрығымен тағайындалады.

3.2. Жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыруға жауапты тұлғаның негізгі міндеттері:

- ✓ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ұсыныстар дайындау;
- ✓ Университетте сыбайлас жемқорлықтың себептерін жою бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- ✓ Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын анықтау бойынша шаралар жүргізу;
- ✓ Қауіптерді бағалау іс-шараларын ұйымдастыру;
- ✓ Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу шараларын ұйымдастыру;
- ✓ Университет қызметін тексеру кезінде бақылаушы органдарға көмек көрсету;
- ✓ Жемқорлыққа қарсы насихат жұмыстарына қатысу.

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті Университеті		УЕ- Нұр-Мұбарак
СМЖБ	Университет ережесі	ЕИМУ -001-7-2024
Жемқорлыққа қарсы саясат		6 беттің 5 беті

4. АУНГ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МІНДЕТТЕРІ

Барлық қызметкерлер өз лауазымдық міндеттерін орындаған кезде:

- ✓ Қазіргі саясатқа сәйкес әрекет ету және оның принциптері мен талаптарын сақтауы керек;
- ✓ Қоршаған орта тарапынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына қатысуы мүмкін деген күдік тудырмауы тиіс.

5. ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ШАРАЛАР

5.1. Университетте жыл сайын Жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспары бекітіліп, орындалатын мерзімдер мен жауапты тұлғалар көрсетіледі.

5.2. Университет қызметкерлерінің этикалық мінез-құлық стандарттарын қалыптастыру мақсатында жалпы ережелер мен принциптер әзірленіп, олар Кодексте бекітіледі.

5.3. Жемқорлыққа қарсы саясаттың құрамдас бөлігі ретінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау енгізіледі. Бағалау мақсатында Университет қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасау мүмкіндігі жоғары операциялар анықталады.

5.4. Университет қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы профилактика мен шаралар бойынша оқыту:

- ✓ Құқықтық жауапкершілік туралы;
- ✓ Заңнамалық талаптар мен Университеттің ішкі құжаттары туралы;

Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша Құқық қорғау органдарымен өзара әрекеттесу.

5.5. Университеттің ішкі бақылау жүйесі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу мен анықталуына ықпал етеді. Бұл ретте ішкі бақылау және аудит жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі ретінде ЖОО қызметінің нормативтік құқықтық актілер мен ішкі нормативтік актілеріне сәйкестігін қамтамасыз ету қарастырылады.

5.6. Университет серіктестерімен өзара іс-қимылда университетте қабылданған антикоррупциялық қызмет стандарттары туралы ақпарат береді, сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды сақтау туралы белгілі бір шарттарды келісім-шарттарға енгізу мүмкіндігін қарастырады. Университет адал және әділ түрде бизнес жүргізетін, өз беделіне көңіл бөлетін, жоғары этикалық стандарттарды қолдайтын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы өз шараларын қабылдайтын және ұйымдасқан Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бастамаларға қатысатын серіктестермен

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті Университеті		<i>УЕ- Нұр-Мұбарак</i>
СМЖБ	Университет ережесі	<i>ЕИМУ -001-7-2024</i>
Жемқорлыққа қарсы саясат		6 беттің 6 беті

іскерлік қатынастарды орнатуға және сақтауға ұмтылады.

6. ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТ ТАЛАПТАРЫН БҮЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

6.1. Университет пен ондағы барлық қызметкерлер Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын сақтауға міндетті.

6.2. Университеттің барлық қызметкерлері осы саясаттың принциптері мен талаптарын сақтау үшін жауап береді.

6.3. Осы саясат талаптарын бұзған тұлғалар тәртіптік, әкімшілік, азаматтық-құқықтық және қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.